

## Referenses

- 1 Konstitutsiya Respubliki Kazakhstan [The Constitution of the Republic of Kazakhstan, adopted on 30.08.1995 г.]; 1995.
- 2 Poslanie Prezidenta Respubliki Kazakhstan «Strategiya «Kazakhstan-2050» [Message from the President of the Republic of Kazakhstan «Strategy «Kazakhstan-2050»]; Astana, 14.12.2012.
- 3 Poslanie Prezidenta Respubliki Kazakhstan [Message from the President of the Republic of Kazakhstan]; Astana, 17.01.2014.
- 4 E.Nechaeva, A.Upabekov. Analiz dinamiki prodolzhitel'nosti zhizny kak faktor razvitiya chelovecheskogo kapitala v Respublike Kazakhstan [Development of Human Capital in Kazakhstan]; Anthropologist, 26(1,2): 104-109 (2016).
- 5 Poslanie Prezidenta Respubliki Kazakhstan «Nurly Zhol – put v budushee» [Message from the President of the Republic of Kazakhstan «Nurly Zhol – the Way to the Future»], Astana, 11.11.2014.
- 6 Poslanie Prezidenta Respubliki Kazakhstan [Message from the President of the Republic of Kazakhstan]; Astana, 30.11.2015.
- 7 E.Sagadiev. Vystuplenie Ministra obrazovaniya i nauki [Address of the Ministry of the education and science]; 07.11.2017, Astana - <https://primeminister.kz/ru/news/all/v-kazahstane-do-2021-goda-besplatnoe-professionalno-tehnicheskoe-obrazovanie-poluchat-bolee-720-tisyach-grazhdan-15588>
- 8 Poslanie Prezidenta Respubliki Kazakhstan [Message from the President of the Republic of Kazakhstan]; Astana, 31.01.2017.
- 9 Poslanie Prezidenta Respubliki Kazakhstan [Message from the President of the Republic of Kazakhstan]; Astana, 10.01.2018.
- 10 N. Nazarbayev. Vystuplenie Prezidenta Respubliki Kazakhstan [Address of the President of the Republic of Kazakhstan]; от 21.03.2018, Astana - [http://www.inform.kz/ru/nursultan-nazarbaev-pozdravil-kazahstancsev-s-nauryz-meyramy\\_a3192860](http://www.inform.kz/ru/nursultan-nazarbaev-pozdravil-kazahstancsev-s-nauryz-meyramy_a3192860)

### Сведения об авторах:

Токубаев К.З. - доктор философии (PhD), Карагандинская академия МВД РК им.Б.Бейсенова, Караганда, Казахстан

Упабеков А.Е. - докторант третьего курса кафедры политологии Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Tokubayev K.Z. - PhD (Philosophy), Karaganda Academy of Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after B. Beisenov, Karaganda, Kazakhstan

Upabekov A.E. - 3rd year Doctoral student, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, 010000

FTAMP 11.25.91

### Қ.С. Ыдырыс

*Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан  
(E-mail: kanat.88@hotmail.com)*

### **Ресей Федерациясының Қытай Халық Республикасына бағытталған энергетикалық саясатының келешек сценарийлері және болжамдары**

**Аннотация.** Осы мақалада, Ресей Федерациясы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы энергетика саласындағы қарым-қатынастарының қазіргі жағдайы қарастырылған. Сонымен қатар, осы мақалада Ресей Федерациясы мен Қытай Халық Республикасы арасында энергетика мәселелері тұрғысынан орын алуы

мүмкін саяси және экономикалық бақталастық пен ынтымақтастық салаларын анықтау арқылы болашаққа қатысты болжамдар жасалған. Мақалада жақында тараптар энергетика саласында бірқатар ауқымды және ұзақ мерзімді келісімдерге қол жеткізгенін атап өтілген. Бұл Ресей мен Қытай арасындағы энергетикалық ынтымақтастықтың сапалы жаңа деңгейге шығуы және стратегиялық сипатқа ие болғанын айтуға мүмкіндік береді. Мақаланың мақсаты Ресейдің энергетика саласының қай бағытта және қалай дамитынын көрсетуден гөрі бүгінгі әлемдік жүйедегі Ресейдің Қытайға бағытталған энергетикалық саясатының бағытын ішкі және сыртқы факторлардың аясында дұрыс айқындау болып табылады.

**Түйін сөздер.** Энергетикалық саясат, Ресей Федерациясы, Қытай Халық Республикасы, энергетикалық стратегия, геосаясат

**Кіріспе.** Ресейдің ұлттық қауіпсіздік пен энергетикалық стратегия аясындағы Қытайға бағытталған саясатының келешек сценарийлері сарапталып, оларға шынайы баға беру үшін 2016 жылдан 2040 жылға дейінгі уақыт аралығы қарастырылады. Бұл мерзім кездейсоқ таңдалған жоқ. Өйткені, энергетика саласындағы ірі жобалардың қай-қайсысын болмасын «нөлден» бастап толық іске қосқанға дейін он жылдай және осы жобаға салынған қаржының өтелуі үшін тағы да он бес жылдай уақыт қажет. Сондықтан, осынау 25 жылдық мерзім 2016 жылға дейін іске қосылған немесе жуыр арада іске қосылуы жоспарланған ірі жобалардың тиімділігін едәуір дұрыс бағамдауға мүмкіндік береді.

Көптен бері мамандар әлемдік энергетика саласына қатысты ұзақ мерзімді болжамдар жасап, соған сүйеніп әрекет етуді дағдыға айналдырған. Әсіресе, Халықаралық энергетика агенттігі, АҚШ-тың Энергетика министрлігі және ОПЕК әзірлеген жылдық статистикалық жинақтар мен деректер зор беделге ие. Десек те, бүкіләлемдік энергетика нарығындағы кілт ойыншылардың бірінен саналатын және әлемде өндірілетін энергияның 10%-на ие Ресейдің соңғы кездері энергетикалық саясат саласындағы зерттеулерде шет дереккөздерді пайдаланып, өзінің энергетика саласындағы болашағына қатысты ұзақ мерзімді болжамдар жасай алмай отырғаны көзге көрінеді. Сондықтан, бұл олқылықтың орнын толтыру мақсатында 2012 жылы Энергетикалық зерттеулер институты тарапынан «2035 жылға дейінгі Ресейдің және әлемдік энергетика нарығының дамуына қатысты болжамдар» атты еңбек жарияланады [1]. Ұзақ мерзімді жоспарлау саласындағы Ресейдің тәжірибесі мол. Сол себепті, елдің әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларында энергетикалық стратегияларға да айрықша орын берілген. Әйтсе де, бұл бағдарламаларда сыртқы нарықтың жеткілікті деңгейде зерттелмегені байқалады. КСРО-да да, оның мұрагері саналатын Ресейде де әлемнің ең ірі энергия өндірушілері болып табылатын ОПЕК елдері мен өзге де энергия импорттаушы мемлекеттердің нарығы мен әлеуетін толыққанды зерттелмеуі аталмыш энергетикалық стратегияны әзірлеудің кемшін тұсын құрайды. Ресейдің энергетикалық стратегиясының жалпы орындалу барысы мен Қытайға бағытталған ұстанымы мен сценарийлерін дұрыс сараптау үшін бірнеше талдау әдістері қолданылады. Әсіресе, энергетикалық стратегияны талдауға ерекше мән беріледі. Ресейдің Қытайға бағытталған энергетикалық стратегиясын дамытудың үш түрлі сценарийі ұсынылады: «негізгі сценарий», «ұсыныстың артуы», «дамушы Азия».

**Зерттеудің мақсаты және әдістері. Негізгі сценарий.** «Негізгі сценарий» деп аталатын нұсқасы әлемдегі демографиялық, технологиялық және экологиялық өзгерістер мен халықаралық энергетика нарығындағы белді ойыншылардың (мемлекеттердің) энергетикалық стратегиялары ескеріле отырып, әзірленеді. Мұндағы түпкі мақсат Ресейдің ұлттық қауіпсіздік стратегиясында көрсетілген қауіп-қатерлерге, экономикалық және жалпы энергетикалық саясатына баса мән беру болып табылады. Ресейдің Қытайдың энергетикалық қауіпсіздігіндегі рөлі мен маңызын мейлінше дұрыс бағамдау үшін Қытайдың ұлттық және энергетикалық қауіпсіздік түсінігі де зерттеледі.

Ресейдің 2040 жылға дейінгі Қытайға бағытталған энергетикалық стратегиясының бағыт-бағдарын айқындау үшін, ең әуелі, халықаралық энергетика нарығының даму бары-

сын зерделеу қажет. Бұл үшін жыл сайын бірнеше мекемелер мен ұйымдардың халықаралық энергетика нарығының ахуалы жайында жариялап отыратын жылдық есептеріне негізделе отырып, халықаралық энергетика нарығының қазіргі жағдайы мен алдағы 25 жылдық даму барысын болжамдауға тырысу қажет.

Негізгі сценарийде айнымалыларды энергетика саласына қатысты компоненттермен ғана шектеу үшін технологиялық даму деңгейін, мемлекеттердің және энергетика нарығындағы басқа да ойыншылардың энергетикалық стратегияларын, демографиялық құрылымын және мемлекеттердің ЖІӨ-нің өсу көрсеткіштерін өзгертпеуге тырыстық. Мұнда Ресей ғылымдар академиясының құрамындағы Энергетикалық зерттеулер институты тарапынан 2014 жылы жарияланған «2040 жылға дейінгі Ресейдің және әлемдік энергетика нарығының дамуына қатысты болжамдар» атты құжаттағы (бұдан әрі – «2014 жылғы болжам» деп аталады) деректер пайдаланылды. Сондай-ақ, сынақтан өткен заманауи жаңа технологияларды да энергия ресурстарын өндіру, өңдеу және тасымалдау үдерісіне интеграциялау көзделді. Сонымен қоса, халықаралық энергетика нарығындағы ойыншылар ұстанатын энергетикалық стратегиялардағы басымдықтар да бүгінгіге ұқсас деп қабылданды. Ресейдің және Қытайдың соңғы энергетикалық стратегияларында айқындалған басым бағыттарға да ден қойылды. Дүниежүзі халқы жыл сайын орташа есеппен 0,9%-ға өсіп отырғандықтан, 2040 жылы 9 миллиардқа жетеді деп есептелді. Ал, әлемдік ЖІӨ көлемі жыл сайын орташа есеппен 3,5%-ға артып отырғандықтан, 2040 жылы 2,8 есеге өсетіні болжамдалды [2].

Ресейдің энергетикалық стратегиясын әзірлеу кезінде шетелдік дереккөздерден гөрі Ресей ғылымдар академиясының құрамындағы Энергетикалық зерттеулер институтының статистикалық мәліметтерін қолдануға едәуір басымдық берілді. Осыған орай, 2040 жылға дейінгі халықаралық энергетика нарығында орын алуы мүмкін өзгерістер мен жағдайларды зерттеу кезінде осы құжаттың деректері көбірек пайдаланылды. 2014 жылғы болжамға сүйенсек, 2010-2040 жылдар аралығында әлемдегі энергия тұтыну көлемі жыл сайын орташа есеппен 1,3%-ға ұлғайып, 2010 жылға қарағанда 2040 жылы 46%-ға артады. Бұл көрсеткіш Энергетикалық зерттеулер институты тарапынан жарияланған алдыңғы құжаттардағы мәліметтермен салыстырғанда біршама көп. Себебі, 2008 жылғы бүкіләлемдік экономикалық дағдарыстан кейін 2011 жылы экономикалық өсу көлемі болжамдалғаннан да жоғары көрсеткішке қол жеткізді.

Осы уақыт аралығында экономикасы өсіп келе жатқан дамушы елдер әлемдегі энергия көп тұтынатын елдерге айналады. Ал, дамыған елдер болса, энергия үнемдеу саясатын ұстануы нәтижесінде энергия тұтыну көлемін 2040 жылға дейін небәрі 4,6%-ға ұлғайтады. Онда да бұл көрсеткіш 2030 жылға дейін ұлғайғанымен, одан кейінгі кезеңде өспей, тұрақтанады. Бүгінгі таңда шамамен АҚШ-пен бірдей деңгейде энергия тұтынатын Қытайдың энергия тұтыну көлемі 2040 жылға дейін АҚШ-қа қарағанда екі есе артады. Әсіресе, өсу тенденциясы алғашқы он жылдықта айқын байқалып, кейінгі жылдары бірте-бірте азая бастайды. Егер 2015 жылы энергия тұтыну көлемінің өсу көрсеткіші Қытайда 10%-ды құраса, 2040 жылы 1%-ға дейін төмендейді. 2025 жылдан кейін энергия ресурстарына деген сұраныс Үндістанда (энергия тұтыну көлемінің жылдық өсу көрсеткіші 2,8%) және Шығыс Азия елдерінде едәуір ұлғаяды. Басқа да дамушы елдердегі энергия тұтыну көлемі 2040 жылы 2015 жылға қарағанда 1,5 есе артқанымен, олардың әлемдік энергия тұтыну көлеміндегі үлесі небәрі 30%-ды құрайды. Сондай-ақ, Таяу Шығыс пен Африка да ең ірі энергия тұтынушы аймаққа айналады [3].

2014 жылғы болжамға сүйенсек, 2010-2040 жылдар аралығында негізгі энергия ресурстарына деген сұраныс мұнайда 19%, көмірде 36% (2020 жылға дейін мейлінше өседі), табиғи газда 64%, атом энергиясында 72% және жаңартылатын энергия көздерінде 92% артады. Бұның басты себептерінің біріне 2008-2011 жылдары белең алған бүкіләлемдік экономикалық дағдарыстан кейінгі кезеңде дамыған мемлекеттердің энергия ресурстарын

эртараптандыру саясатын ұстануын жатқызуға болады. Осы саясаттың нәтижесінде энергетика нарығындағы серіктес мемлекеттердің саны ұлғайып, энергия ресурстарын эртараптандыру күшейе бастайды. Энергетикалық зерттеулер институтының деректері бойынша алдағы жылдары әлемдік экономикада тұтынылатын энергия ресурстарын эртараптандыру тенденциясы одан әрі үдейе түсіп, энергия ресурстарының қандай да бір түрінің басымдығы жоғалады. 2040 жылы жер қойнауынан өндірілетін энергия ресурстарының жалпы тұтынылатын энергия көлеміндегі үлесі 76%-ды құрайды деп күтілуде.

Энергетикалық зерттеулер институтының мамандары әзірлеген 2013 жылғы болжам бойынша негізгі энергия ресурстарының арасында мұнай мен табиғи газдың жиынтық үлесі азаймайды. Алайда, жеке-жеке алғанда мұнайдың үлесі 26%-ға төмендеп, табиғи газдың үлесі керісінше ұлғаяды. Сондай-ақ, мұнаймен бірге көмірдің де тұтыну көлемі кемиді. Бұның басты себебі бүкіләлемдік қауымдастықтың қоршаған ортаны қорғауға баса ден қоюы болып табылады. Заманауи технологияның арзандауы, мемлекеттің қолдау көрсетуі және бәсекелестіктің артуы нәтижесінде жанартылатын энергия көздерін пайдалану да мейлінше артады деп болжамдануда. 2040 жылы жанартылатын энергия көздерінің көмірсутекті шикізаттардан бөлек әлемде қолданылатын жалпы энергияның 14,7%-ын құрайтыны болжамдануда. Атом энергиясы да 2010 жылға қарағанда 18%-ға өсетін болады.

2014 жылғы болжамда елдің даму деңгейіне қарай қолданылатын энергия түрінің де өзгеретіні пайымдалған. Дамыған елдерде мұнай мен көмірді тұтыну деңгейі едәуір төмендеп, табиғи газ бен жанартылатын энергия көздерін пайдалану көлемінің барынша артауы болжамдалған. Ал, дамушы Азия елдерінде барлық энергия көздеріне деген сұраныстың бірте-бірте ұлғаятыны, Азия мен Таяу Шығыста да көмірсутекті және биоэнергия ресурстарының едәуір көп тұтынылатыны алға тартылған.

Кремль Қытайдың энергетика нарығындағы ең ірі ойыншысына айналу үшін Ресейдің ұлттық мүдделерін қорғап қана қоймай, қарсы жақ та бас тарта алмайтындай шешім табуға тиіс. Қытай әлемдегі ең ірі энергия тұтынушы ел ретінде сыртқы энергетикалық саясатын «тепе-теңдік жүйесіне» негіздеуді жөн санап отыр. Яғни, қандай да бір саяси немесе геосаяси күшке тәуелді болып қалмауды көздеуде. Энергетикалық қауіпсіздік пен ұлттық қауіпсіздіктің бірдей ұғым екеніне сенетін Қытай Үкіметі энергетика саласында әртүрлі серіктес-елдермен байланыс құруға бел буып, эртараптандыру саясатын ұстануда.

Еуропаға бағытталған энергетикалық саясатын Қытайға да ұстануы Ресей үшін аса тиімсіз болып келеді. Әуелі, Ресейдің Қытайдың өзіне бағытталған энергетикалық саясатына әсер ете білуі үшін оның Ресейдің энергия көздеріне деген тәуелділігін едәуір арттыруы тиіс. 2014 жылғы болжам бойынша 2015-2040 жылдар аралығында Қытай экономикасында тұтынылатын мұнайдың 9-12%-ын, табиғи газдың 6-7%-ын және көмірдің 1%-ын Ресей қамтамасыз ететін болады [4]. Әлбетте, бұл көрсеткіштердің Еуропаның Ресей энергия көздеріне деген сұранысынан әлдеқайда төмен екені аңғарылады. Ресейдің энергия көздерін басқару стратегиясын жүзеге асыруға кедергі келтіретін екінші фактор – дайын тұрған энергия көздерін тасымалдауға арналған кешендердің жеткіліксіздігі. Ресейден Еуропаға созылған мұнай-газ құбырлары Кеңес Одағы кезінде салынған. Осы құбырларды қолданған Ресей мемлекеті мұнай бағасы шарықтаған шақта өзіне экономикалық тұрғыдан мейлінше тәуелді елдердің саясаттарына әсер ету мүмкіндігіне ие болған. Сондықтан, Ресейдің экономикалық тұрғыдан Қытайға тәуелділігін және Қытайдың өз бетінше шешім қабылдауға қауқарлы ел екенін ескерер болсақ, Ресейдің алдағы 25 жыл ішінде Қытайға экономикалық пайда көзі ретінде қарауы заңды да.

Алдағы 25 жыл ішінде Азия-Тынық мұхиты аймағындағы елдердің энергия көздеріне деген сұранысының көлемі болжамдалғандықтан, Ресей осы аймақтың энергетикалық қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін қомақты инвестиция жұмсайды деп күтілуде. Экономиканы эртараптандыруға бағытталған іс-шаралардың айтарлықтай игі нәтиже берме-

уі Ресейді энергетика саласынан келіп түсетін кірістерге кіріптар ететіні анық. Шығысқа бағдарлану саясаты аясында Ресейдің Қытайдың энергия сұранысын қамтамасыз ету міндетін мемлекет қолдауындағы энергетикалық компанияларға жүктегені белгілі. Алайда, Ресейдің энергетикалық компаниялары тігінен біріккен жүйеге ие болғандықтан, қолда бар мүмкіндіктен айрылып қалуы мүмкін. Осы күнге дейін екі ел арасында түзілген энергетика саласындағы екіжақты келісімшарттарға басты ойыншылар ретінде Ресейден «Роснефть» және «Газпром» компанияларының, ал Қытайдан CNPC және CNOOC корпорацияларының қатысуы Ресейдің энергетикалық компанияларының Қытай аумағында жұмыс істеуіне кедергі келтіруде.

Негізгі сценарийдің жүзеге асуы Ресей мен Қытайды бір-біріне одан сайын тәуелді етері сөзсіз. Дегенмен, бұл тәуелділік көбіне ассиметриялық сипатта өрбитін болады. Мұнда Қытаймен екеуара байланыстарда Ресейдің позициясы біршама әлсіздеу екені көзге батады. Мәскеудің Пекинге деген тәуелділігі 1990-2000 жылдардағы Еуропаға деген экономикалық тәуелділігінен әлдеқайда өзгеше болмақ. ЕО елдерімен байланыс орнату кезінде Ресей әр мемлекетпен жеке дара келіссөздер жүргізіп, өзінің энергетикалық компаниялары арқылы оларды белгілі бір деңгейде басқаруға тырысып бақса, орталық билікке ие Қытаймен екеуара байланыстарда мұндай мүмкіндіктен пайдалана алмасы анық. Энергетика саласындағы байланыстарда екі тарап бір-біріне тәуелді болғанымен, энергияға деген сұранысы мейлінше жоғары саналатын Қытайдан айрылып қалмас үшін Мәскеудің бірқатар мәселелер бойынша жұмсақтық танытуына тура келеді.

**«Ұсыныстың артуы» сценарийі.** Халықаралық энергетика нарығында энергия ресурстары ұсынысының артатынын болжамдайтын «Ұсыныстың артуы» атты сценарийде көмірсутекті энергия көздеріне деген сұраныс пен ұсыныстың «негізгі сценарийден» гөрі өзгеше сипат алу жағдайы қарастырылады. Халықаралық энергетика нарығы тұрақсыз болғандықтан, осы нарықтағы көптеген ірі мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясаттарына әсер етуі мүмкін жаһандық өзгерістерді де зерделеуге ден қойылады. Әлемдік энергетика нарығының ең ірі экспорттаушы елі саналатын Ресей үшін ұсыныс пен сұраныстың маңызы өте зор. Сондай-ақ, Ресейдің энергетика саласындағы ең ірі серіктесіне айналу әлеуетіне ие Қытайдың да АҚШ-пен бірге әлемдегі энергия тұтынушы ең ірі ел болуының да ұсыныс пен сұраныс нарығына едәуір ықпал етері сөзсіз.

Соңғы жылдары ұсыныстың артуы нәтижесінде мұнай бағасының төмендеуі бек мүмкін деген сценарийлер жиі айтылуда. Аталмыш сценарийлердің жүзеге асу ықтималдылығының жоғары екенін 2014 жылдың қазан айынан бастап мұнай бағасының құлдырауы айқын аңғартуда [5]. Өткен жылдарға көз жүгірткенде, салыстырмалы аз шығынмен көмірсутекті энергия көздерін игерудің мүмкін екені және бұның әсерінен мұнай мен газ бағасының төмендейтіні туралы пікірлердің де жоқ еместігін байқауға болады. «Ұсыныстың артуы» сценарийі жаһандық энергетика нарығындағы ойыншылар мейлінше көп мөлшердегі энергия көздерін нарыққа ұсынған жағдайда Ресейдің Қытайға бағытталған энергетикалық саясаты қаншалықты өзгеретінін және бұдан қаншалықты әсерленетінін анықтауға мүмкіндік береді.

2014 жылғы болжам бойынша алдағы 25 жыл ішінде халықаралық энергетика нарығына ықпал ете алатындай мөлшерде нарыққа мұнай шығаруға қабілетті елдерге Бразилия, Ирак және Иран жатады. Олардың басқа елдерден үлкен айырмашылығы аталмыш елдерде мұнай өнімдерін өндіруге салыстырмалы түрде өте аз шығын жұмсалады. Мәселен, Goldman Sachs мамандарының пікірінше, Бразилияда көмірсутекті шикізат көздерінің жаңа кен орындары іске қосылған жағдайда бір баррельге кететін шығын көлемі (өзіндік құны) 50 доллардан аспайтын болады. Ал, Ирак тұрақты экономикалық өсуге қол жеткізген жағдайда 5-6 жыл ішінде мұнай өндірісін едәуір мөлшерде арттыруға мүмкіндік алады. Сондай-ақ, Иранның да АҚШ-пен және Еуропа елдерімен болған түсініспеушіліктерді шешкен жағдайда «ұсыныстың артуы» сценарийінің жүзеге асу ықтималдылығы арта түседі.

«Ұсыныстың артуы» сценарийі Ресейдің Қытаймен энергетикалық ынтымақтастық орнату саласында келіссөз жүргізу платформасын тарылтады. Осы сценарийдің Ресейге кері әсерін тигізетін ең басты факторы мұнай мен газ бағасының төмендеуі болып табылады. Шығыс Сібірдегі көмірсутекті шикізат орындарын игеруге мол қаражат қажет болғандықтан, мұнай мен газ бағасының төмендеуі, бір жағынан, энергетика саласына бағытталатын инвестиция көлемін азайтса, екінші жағынан «Сібір күші 1» жобасының құрылыс кезеңіндегідей энергетикалық жобалардың тоқтауына әкеп соқтырады. Алайда, Энергетикалық зерттеу институтының деректеріне сүйенсек, «ұсыныстың артуы» сценарийі жүзеге аса қалған жағдайдың өзінде мұнай бағасының төмендеуі ұзаққа созылмай, 2020 жылға дейін баруы мүмкін.

2014 жылғы болжамда «ұсыныстың артуы» сценарийінен көбіне-көп энергия экспорттаушы мемлекеттердің қысқа мерзімде зардап шегетіні айтылған [6]. Бразилия, Иран және Ирак мұнай өндіру көлемін арттырған жағдайда қысқа мерзімде Ресей, АҚШ, Қытай, Мексика, Малайзия, Индонезия, Норвегия, Англия, Қазақстан және Сауд Арабиясы энергия өндіру көлемін азайтуға мәжбүр болады. Әсіресе, жаңа кен орындарының ашылуы Ресей мен АҚШ-тың энергия өндіру көлемін екі есеге дейін қысқартуына түрткі болуы мүмкін.

«Ұсыныстың артуы» сценарийі Ресейдің Қытайға бағытталған энергетикалық саясатына мынадай екі бағытта әсер етуі мүмкін деген болжамдар да жоқ емес:


1 Халықаралық энергетика нарығындағы ұсыныстың артуы нәтижесінде бағаның төмендеуі Ресейді «Сібір күші 1» жобасын жүзеге асыру барысында туындаған кедергілердің салдарынан Қытайға мұнай экспортын азайтуға итермелейді;

2 Ресей Қытайдың энергетика нарығындағы орнын сақтап қалу үшін Тұрақтандыру қорындағы қаражат есебінен энергия экспортын ұлғайтуды тоқтатпай, одан әрі жалғастыра береді.

Ресейдің 2035 жылға дейінгі энергетикалық стратегиясына мұқият зер салар болсақ, мұнда Ресей үшін Азия-Тынық мұхиты аймағының, әсіресе Қытайдың энергетика нарығындағы белді ойыншылардың біріне айналуы және осы арқылы Шығыс Сібір және Қиыр Шығыс аймақтарының дамуын қамтамасыз етуі қысқа мерзімді экономикалық пайдадан да әлдеқайда маңызды екені аңғарылады. Сондықтан, «ұсыныстың артуы» сценарийі жүзеге аса қалған жағдайдың өзінде Ресейдің Қытаймен энергетикалық байланыстарын одан әрі нығайтуға баса ден қоятынын пайымдауға болады.

**«Дамушы Азия» сценарийі.** Негізгі сценарийден басқа да жағдайлардың орын алу мүмкіндігін алға тартатын үшінші сценарийде Қытайдың және өзге де Азия елдерінің сыртқы саясаты мен энергетика саласында туындауы ықтимал оқиғалар мен жағдайларға тоқтам жасалады. «Дамушы Азия» деп аталатын аталмыш сценарийде Қытайдың энергетикалық саясаты болжамдалғаннан да өзгеше сипатта өрбитіні баяндалады.

«Дамушы Азия» сценарийі Ресей Федерациясы үшін негізгі сценарий мен «ұсыныстың артуы» сценарийіне қарағанда едәуір тиімді деп есептеледі. Сыртқы энергия сұранысының артуы және Азия нарығында Ресейдің энергия көздеріне деген сұраныстың күшеюі мемлекеттің отын-энергетика кешенінің дамуына зор серпін берері анық. 2014 жылғы болжам бойынша осы сценарий жүзеге асқан жағдайда Ресейдің энергия экспорты 2010 жылға қарағанда 2040 жылы 20%-ға өседі. Ресейдің мұнай экспортында негізгі сценарий мен «Дамушы Азия» сценарийі арасында айтарлықтай айырмашылық болмағанымен, табиғи газ экспортында 2010 жылмен салыстырғанда 2040 жылы 75% өсу байқалады. Негізгі сценарийде Ресейдің көмір экспорты 2010 жылмен салыстырғанда 2025 жылы 17%-ға артса, халықаралық конъюнктураның салдарынан 2040 жылы 10%-ға төмендейді. Ал, «Дамушы Азия» сценарийінде сыртқы көмір сұранысы туралы мүлдем басқа болжам жасалған. Азия елдері экономикасының қарқынды өсуі нәтижесінде Азия-Тынық мұхиты аймағында энергия тапшылығының белең алатынын болжамдайтын осы сценарийде Ресейдің көмір экспорты 87%-ға артатын болады [7].



Дереккөз: ЕІА, 2015 4.10-сурет. Ресейдің қазба отын экспортынан келіп түсетін кіріс көлемі (2010 және 2035 жж)

«Дамушы Азия» сценарийі жүзеге асқан жағдайда Ресейден энергия импорттайтын аймақтардың географиясы да өзгеруі мүмкін. 2014 жылғы болжамға сүйенсек, негізгі сценарийде Ресей энергиясының 38%-ы Азия-Тынық мұхиты аймағына экспортталса, «Дамушы Азия» сценарийінде бұл көрсеткіш 46%-ды құрайды. Энергетика саласында Еуропа елдерімен ынтымақтастық орнатуға басымдық берілсе де, Қытайдың Ресейдің энергия экспортындағы үлесі ұдайы ұлғайып отыратын болады.

**Қорытынды.** Негізгі сценарийде ЖІӨ-нің өсу қарқыны халықаралық конъюнктураның қолайсыздығы, инвестициялық тартымдылығының төмендігі және экономиканы жаңғыртуға бағытталған реформалардың сәтсіздігі ескеріле келе, 2035 жылға дейінгі энергетикалық стратегиядағыдай деңгейде межеленген. «Дамушы Азия» сценарийінде жылдан жылға энергия көздеріне деген сұранысы артып келе жатқан Азия-Тынық мұхиты аймағындағы елдердің 2025 жылдан кейін Қиыр Шығыс және Шығыс Сібір аймақтарындағы инфрақұрылымды дамытуға және жаңа энергетикалық жобаларды іске асыруға инвестиция салуы мүмкін деген болжам да қарастырылған. 2014 жылғы болжам бойынша бұл сценарий жүзеге асқан жағдайда Ресей экономикасы 2040 жылы 2,7 есеге өсетін болады.

Екі сценарийде Ресейдің мұнай экспортына қатысты екі түрлі болжам жасалған. Атап айтқанда, негізгі сценарийде Ресейдің мұнай экспорты 2010 жылғы 245 миллион тоннадан 2040 жылы 185 миллион тоннаға дейін азаяды делінсе, «Дамушы Азия» сценарийінде Ресейдің мұнай экспортындағы Еуропаның үлесі 2010 жылғы 73%-дан 2040 жылы 50%-ға дейін төмендейді деп көрсетілген [8]. Негізгі сценарийден тағы бір айырмашылығы «Дамушы Азия» сценарийінде жаңа энергия нарықтары ашылуына байланысты шығысқа бағдарлану саясатының аясында Қытайға балама көптеген ойыншылар пайда болады. Әлбетте, бұл жағдай, бір жағынан, энергетика саласындағы серіктестерді әртараптандыру стратегиясының жүзеге асуын жеңілдетсе, екінші жағынан Қытаймен болған келіссөздерде Ресейдің мүмкіндігін арттырады.

#### Әдебиеттер тізімі

1 Макаров А.А., Митрова Т.А., Кулагин В.А. Первый российский прогноз развития мировой энергетики в апреле представили ИНЭИ РАН и РЭА, [Электрон.ресурс]. - 2016. - URL:<http://webcache.googleusercontent.com/search?q=cache:Emj5CzI0AccJ:www.ras.ru/FStorage/Download.aspx%3Fid%3D2da23a60-77b3-4a10-9bb1-91f054b9d66e+&cd=1&hl=ru&ct=clnk> (дата обращения: 10.09.2017).

- 2 Прогноз развития энергетики мира и России до 2035 г.; Под ред. Макарова А.А. и Григорьева Л.Г. - М.: ИНЭИ РАН, 2012. – 195 с.
- 3 Энергетика России: Взгляд в будущее, ИЭС. - М.: 2010 - 609 с.
- 4 Ченг Ж.С. Китайский взгляд на энергетическую безопасность // Журнал Современного Китая - 2008. - № 17.-С. 297.
- 5 Уянаев С.В. Российско-китайское энергетическое сотрудничество: признаки нового уровня. Китай в мировой и региональной политике - 2013. - № 18.-С. 278.
- 6 Портяков В.Я. Российско-китайские отношения: современное состояние и перспективы развития. Китай в мировой и региональной политике - 2013. - № 18.-С. 7 .
- 7 Энергетическая стратегия России на период до 2035 года, [Электрон. ресурс]. - 2015. - URL: [http://www.energystrategy.ru/ab\\_ins/source/ ES-2035\\_09\\_2015.pdf](http://www.energystrategy.ru/ab_ins/source/ ES-2035_09_2015.pdf). (дата обращения: 12.09.2017).
- 8 Ижбулдин А.К., Платонов Л.А. Анализ маршрутов поставок российского трубопроводного газа в Китай // Сборник международной конференций «Энергетика России в 21 веке. Иновационное развитие и управление», Иркутск, 2015.- С. 1

**К.С. Ыдырыс**

*Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясави, Туркестан, Казахстан*

### **Сценарий и прогнозы энергетической политики Российской Федерации по отношению к Китайской Народной Республике**

**Аннотация.** В данной статье рассмотрены современное состояние энергетического сотрудничества между Российской Федерацией и Китайской Народной Республикой. Вместе с тем, в статье сделаны прогнозы развития энергетического сотрудничества с учетом изменений и рисков двухсторонних политических и экономических отношений. В статье подчеркивается, что в последнее время стороны достигли ряда масштабных и долговременных договоренностей в энергетической сфере. Это позволяет говорить о выходе энергетического сотрудничества РФ и КНР на качественно новый уровень и обретении им стратегического характера. Целью данной статьи является определение энергетической политики России и влияние внутренних и внешних факторов на перспективы российско-китайского энергетического сотрудничества.

**Ключевые слова.** Энергетическая политика, Российская Федерация, Китайская Народная Республика, энергетическая стратегия, геополитика

**K. S. Ydyrys**

*Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan*

### **Scenario and forecasts of the Russian Federation's energy policy towards the People's Republic of China**

**Annotation.** This article examines the current state of energy cooperation between the Russian Federation and the People's Republic of China. At the same time, the article makes forecasts of the development of energy cooperation taking into account the changes and risks of bilateral political and economic relations. The article emphasizes that recently the parties have reached a number of large-scale and long-term agreements in the energy sector. This allows us to talk about the release of energy cooperation between Russia and China to a qualitatively new level and gaining a strategic character. The purpose of this article is to determine Russia's energy policy and the impact of internal and external factors on the prospects for Russian-Chinese energy cooperation.

**Keywords.** Energy policy, Russian Federation, People's Republic of China, energy strategy, geopolitics

### **References**

- 1 Makarov A., Mitrova, T., Kulagin, V. Pervyi rossiyskiy prognoz razvitiya mirovoi energetiki v aprele predstavili INEI I REA, [The first Russian forecast for the development of world energy